

РЕСПУБЛИКА

Мемлекет басшысы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына қатысты

Президент Астана қаласындағы Ботаникалық саябақта ерікті және белсенді жастармен бірге ағаш екті. Жалпыұлттық іс-шара аясында биыл республика аумағында 2,4 миллионға жуық көшет отырғызылған.



Мемлекет басшысы Jasyr EI ұйымының белсенділерімен әңгімелесіп, қоғамдық жұмысқа атсалысып жүрген жастарға алғыс айтты. — Баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Бұл — өте қажетті жұмыс. Еліміз бен халқымыз үшін керек іс. Сондықтан Сіздерге табыс

тілеймін. Істеріңіз сәтті болсын. Ең алдымен ниетіміз таза болуы керек. Отанымыз үшін қызмет етуге тиіспіз. Jasyr EI ұйымының жұмысын қолдаймын. Жұмыстарыңыз өзге жастарға өнеге, олар Сіздерден үлгі алады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Президент «Нұра» ауданындағы Greenline бульварын аралап көрді.

Аумағы 3,8 гектар болатын нысандағы жұмыстың бірінші кезеңі аяқталған. Мұнда жаяу жүргіншілерге және велосипедшілерге арналған жолдар, сәулеттік қалыптар және жасанды тоғандар бар.

Мемлекет басшысына Астана қаласындағы абаттандыру жұмыстары жайында мәлімет берілді.

Жеңіс Қасымбек елордада қазір 170 қоғамдық кеңістік пен ауланы абаттандыру бойынша кешенді бағдарлама іске асырылып жатқанын айтты.

Бұл жұмыстар Ботаникалық бақта, Триатлон паркінде, Ататүрік, Бейбітшілік және келісім, Президент саябақтары мен қаланың негізгі көшелерінде жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар «Мыңжылдық» аллеясын абаттандырудың тұжырымдамасы жасалды. Есіл өзенінің жағалауын реконструкциялау шаралары аяқталуға жақын.

Мемлекет басшысы қала инфрақұрылымын жетілдіру, тұрғындарға заманауи әрі қолайлы, экологиялық тұрғыдан таза орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру жөнінде тапсырма берді.

Akorda.kz

ҚҰТТЫҚТАУ

Татулық тамыры — рухани бірлікте

Құрметті жерлестер!

Сіздерді 18 қазан — Рухани келісім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн — бейбітшілік пен татулықты, өзара сыйластық пен бірлікті ұлықтайтын маңызды мейрам. Қазақстан халқының рухани тұтастығы мен мәдени әралуандығы біздің ең үлкен байлығымыз. Татулық пен келісім — еліміздің өркендеуінің, тұрақтылығының негізі.

Мемлекет басшысының Қазақстан азаматтарының діни сезімдеріне құрмет пен ықыласын, қоғамдағы конфессияаралық келісімді қолдау - мемлекетіміздің маңызды ұстанымдарының бірі. Осы тұста, барлық конфессиялар мен этностар арасында орныққан бейбітшілік рухы бүгінгі қоғамның маңызды рухани құндылығы болып табылады.

Айтулы мерекеде түрлі мәдениет адамдары арасындағы бір-біріне деген сыйластықпен ғұмыр кешкен әрбір отбасына амандық, бірлік пен береке, елімізге тыныштық пен даму тілейміз.

Көпұлтты халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі арта берсін! Рухани келісім күні құтты болсын!

**Аудан әкімі,
АҚЫЛБЕК БАШИМБАЕВ.
Мәслихат төрағасы,
АСҚАР ОМАРОВ.**

ОБЛЫС

Абай облысының ауылшаруашылық тауарын өндірушілері министрмен кездесті

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Абай облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында Семей қаласында жергілікті ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен кездесті. Жиынға облыс әкімі Берік Уәли, өңірдегі шаруашылық жетекшілері, кәсіпорын басшылары қатысты.

Абай облысы — ауыл шаруашылығын дамытуда зор әлеуетке ие өңір. Өңірде 11 мыңға жуық агроқұрылым жұмыс істейді. Биылғы жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 221 млрд теңгеге жетіп, республика бойынша төртінші орынды иеленді. Нақты көлем индексі 102,9 пайызды құрады. Жалпы жиналатын егіс көлемі 782,1 мың гектар болса, оның 80 пайызы орылып, 265,2 мың тонна астық бастырылды. Сонымен қатар 96,6 мың тонна картоп пен 101,6 мың тонна көкөніс жиналды.

Аймақ басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығына инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасына сәйкес өңірде атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты.



«Президент биылғы Жолдауында инвестиция тартудың маңыздылығын атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

Құрметті оқырмандар!

Барлық пошта бөлімшелерінде 2026 жылдың бірінші жарты жылдығына газет-журналдарға жазылу басталды.

Аудандық «Уақыт тынысы» («Пульс времени») газетінің индексі - 19018.

6 айға жазылу бағасы - 3 500 теңге.

**«Уақыт тынысы»
(«Пульс времени»)**

газетіне жазылу
басталды

Уважаемые читатели!

Во всех отделениях почты началось подписка на первое полугодие 2026 года.

Индекс районной газеты «Уақыт тынысы» («Пульс времени») - 19018. Стоимость подписки на 6 месяцев - 3500 тенге.

Халықаралық қарттар мерекесіне шахмат турнирі өткізілді

Жыл сайынғы дәстүрге айналған Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай ардагер ұстаз, ұлттық тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат ойындарының майталманы және аудан көлемінде аталған спорт түрлерін дәріптеуші Қанат Мұсасариннің ұйымдастыруымен Үржар ауылдық округінің «Ардагерлер бөлмесінде» шахмат турнирі өткізілді.

Амантай ОСПАНОВ 



Үстел үсті ойындарына құштарлық танытып, жиналған ардагерлерді Үржар ауылдық округінің әкімі Мақсат Әмірбаев, «Аманат» партиясы аудандық филиалы, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ұлан Мұсағалин, орталық аурухана және аудандық ардагерлер кеңесі ұрпақтар үшін ұлықтық қазыналы қарттарды айтулы мерекелерімен құттықтай отырып, өмірлеріне зор

дылық дегендей, ойын барысында жекелеген қателіктермен ғана «Өттеген-айлап», бірақ соныға қарай жақсы ойын өрнегін көрсеткен Үржар ауылдық округінен Жанұзақов Серік пен Байдарақов Жәкен «Ойлы ойыншы», «Жылдам ойыншы» аталымдарына ие болды.

Мерекелік шахмат турнирін ұйымдастыруда ерекше белсенді танытып, бас төрешілік қызметті адал атқарғаны үшін ардагер



денсаулық, мол қуаныш, баянды бақыт және шахмат жарысында жеңімпаз бен жүлдегерлер атануларына игі тілектер білдірді.

Сонымен жарыстың бас төрешісі Қ.Мұсасариннің шахмат ойынының шарттарын қысқаша түсіндіруі арқылы ақыл-ойды тез шешім қабылдап, әрекет ететін тақта үстіндегі 12 адам қатысқан тартысты турнир нәтижесінде ойын тәсілдерін шеберлікпен пайдалана білген аудандық көпсалалы орталық аурухананың бас дәрігері Баубек Абылқасымов бәсік биік 1-орынмен жеңімпаз атанса, жүлделі 2-орынды Үржар ауылдық округі бойынша Марат Жүніспаев, ал 3-орынды Барқытбел ауылдық округінен Тұрсынтай Кебекбаев жеңіп алды.

Жарыс болған соң табыстың да болуы, қалыстың да болуы заң-

спортшы Қанат Мұсасаринге спорт бөлімінің Алғыс хаты тапсырылды. Сол сияқты спорт бөлімінің басшысы Ұлан Мұсағалин жеңімпаз бен жүлдегер қарттарға арнайы төсбелгі мен сыйлықтар табыс етсе, аудандық «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Елдос Бейсенов көркем әдебиеттер сыйласа, жарысқа ерекше демеушілік көрсеткен бас дәрігер Баубек Абылқасымов барлық жарыс жүлдегерлеріне қомақты ақшалай сыйлықтар табыстады.

Үржар ауылдық округі атынан қарттар күні мерекесіне орай өткізілген шахмат жарысына қатысушыларға арналған ақ дастарқаннан дәм татқызылды.

Қоғамдық тыңдаулар

«Ай Карааул» АҚ «2025 жылғы 28 сәуірдегі №2914-ЕЛ лицензиясы бойынша 5 жылға арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары. (2025 жылғы 11 маусымдағы лицензияны ұзарту)» жобасына ІІ санаттағы объектілер үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. (47°36'59.40»С, 80°22'59.16»В).

Әсер ету аумағы: Абай облысы, Үржар ауданы, Қоңыршәулі және Қаракөл ауылдық округтері, 47°26'46.25»С, 80°19'1.69»В.

Қоғамдық тыңдаулар өтеді:

2025 жылғы 20 қараша сағат 11.00-де. Абай облысы, Үржар ауданы, Қоңыршәулі а.о., Таскескен а., К. Нұрғазин к-сі 9 мекенжайы бойынша.

2025 жылғы 20 қараша сағат 15.00-де. Абай облысы, Үржар ауданы, Қаракөл а.о., Қаракөл а., Өзірбаев к-сі 3 мекенжайы бойынша.

ТЖ және карантин режимі енгізілген жағдайда Zoom-да ашық тыңдаулар өтеді. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JldVJYRytiWHZ2UT09&omn=77955050364>.

Конференция идентификаторы: 232 495 5975. Кіру коды: 123

Бастамашысы: «Ай Карааул» АҚ, заң. мекенжайы: ҚР, 050008, Алматы қ., Бостандық ауданы, ш/а Көктем, 1, 15а үй, Koktem square БЦ, 7 қабат. тел:87055113073. БСН 080740006246.

Өзірлеуші: «НПК Экоресурс» ЖШС, заң.мекенжайы: ҚР, 110000, Қостанай қ., Өл-Фараби даңғылы, 119, каб. 317, тел. 8(7142)504572. БСН 111240005489.

Жоба бойынша құжаттама Ақпараттық жүйеде орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Қосымша ақпарат: 87142504572, 500293@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Абай облысы облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru және Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, сондай-ақ Ақпараттық жүйе платформасында.

Общественные слушания

АО «Ай Карааул» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов II категории к проекту «План разведки твердых полезных ископаемых по Лицензии №2914-ЕЛ от 28 апреля 2025 года на 5 лет. (Продление лицензии от 11 июня 2025 г.)». (47°36'59.40»С, 80°22'59.16»В).

Территория воздействия: область Абай, Урджарский район, Коныршаулинский и Каракольский сельские округа, 47°26'46.25»С, 80°19'1.69»В.

Общественные слушания состоятся:

20 ноября 2025 года в 11.00. По адресу область Абай, Урджарский район, Коныршаулинский с.о., с. Таскескен, ул.К.Нургазина 9.

20 ноября 2025 года в 15.00. По адресу область Абай, Урджарский район, Каракольский с.о., с. Каракол, ул. Азербайева 3.

В случае введения режима ЧС и карантина открытые слушания пройдут в Zoom. <https://us04web.zoom.us/j/2324955975?pwd=QXBhZVNGUW9KM0JldVJYRytiWHZ2UT09&omn=77955050364>

Идентификатор конференции: 232 495 5975. Код доступа: 123

Инициатор: АО «Ай Карааул», юр.адрес: РК, 050008, г. Алматы, Бостандыкский р-н, мкр. Коктем 1, д.15А, БЦ Koktem Square, 7 этаж. тел. 87055113073. БИН 080740006246.

Разработчик: ТОО «НПК Экоресурс», юр.адрес: РК, 110000, г. Костанай, пр-т Аль-Фараби 119, каб. 317, тел. 8(7142)504572. БИН 111240005489.

Документация по проекту размещена в Информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания». Дополнительная информация: 87142504572, 500293@bk.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата области Абай» по адресам: prirodnyue_resursy_obl.abay@mail.ru и г. Семей, ул.Турлыханова 30, а также на платформе Информационной системы.

ИЩЕМ НАСЛЕДНИКОВ

Открывается наследство после смерти **Артёмова Владимира Ивановича**, умершего 5 октября 2025 года. Наследникам обращаться по адресу: Область Абай, Урджарский район, с.Урджар, пр.Абылайхана 118 В. К нотариусу Э.Сарсенгельдиной.

Открывается наследство после смерти **Артюхова Валерия Сергеевича**, умершего 4 мая 2017 года. Наследникам обращаться по адресу: Область Абай, Урджарский район, с.Урджар, пр. Абылайхана 118 В. К нотариусу Э.Сарсенгельдиной.

Открывается наследство после смерти **Кожарьяновой Турсынхан** умершей 20 июня 2025 года. Наследникам обращаться по адресу: Область Абай, Урджарский район, с.Урджар, ул.Жамбыла 26/5. К нотариусу А.Кенжебаевой.

БАҚ-тың меншік иесі:
«Уақыт тынысы» («Пульс времени») газеті редакциясы және теледидары» ЖШС
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2023 жылы 3 ақпандағы №КЗ84VPY00064089 куәлігі берілген.
Мекенжай: 071700, Үржар ауылы, Абылайхан даңғылы, 116.

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
Зухра НҰРЖАНҚЫЗЫ

Редактордың орынбасары
Гүлнәр ЖАҚАШЕВА

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
тел: 8 (72230) 3-36-11
Тілшілер: 3-44-19
Жарнама бөлімі:
8 (72230) 3-48-44
e-mail: cool.gazeta22010@yandex.kz

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Газет «Рекламный Дайджест» ЖШС-ның баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20/1.
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1861